

**Білім алушылардың ғылыми жұмыстарға жетекшілікке
қанағаттанушылығын зерттеу бойынша әдістемелік ұсынымдар**

1. Осы Білім алушылардың ғылыми жұмыстарға жетекшілікке қанағаттанушылығын зерттеу бойынша әдістемелік ұсынымдар білім алушыларға ғылыми жұмыстарға жетекшілік жасаудың сапасы жөнінде сауалнама жүргізудің бірыңғай тәсілдерін айқындайды.

2. Зерттеу жүргізу нәтижелері бойынша білім алушылардың ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастыру жөніндегі жұмыстың тиімділігін арттыру жөніндегі ұсыныстарды қамтитын есеп қалыптастырылады.

3. Зерттеу кезеңдері:

1-кезең – білім алушылар арасында сауалнама жүргізу;

2-кезең – респонденттердің жауаптарын сандық және контент талдау;

3-кезең – ғылыми жұмыстарға жетекшіліктің тиімділігін арттыру үшін ұсыныстар әзірлеу.

4. Ұсынылатын іріктеменің ең аз көлемі кестеге сәйкес есептеледі:

Білім алушылардың нақты саны	Білім алушылар бойынша іріктеменің ұсынылатын % (пайызы)	Деректерді жинау уақыты
50 респондентке дейін	75 %	1 апта
51-ден 200-ге дейін респонденттер	67 %	2 апта

5. Зерттеу жүргізу тәсілі – қағаз түрінде пікіртерім немесе web- пікіртерім.

6. Зерттеудің негізгі құралы сауалнама (№1 қосымша) болып табылады, ол қазақ немесе орыс тілінде жасалады және респонденттерге ұсынылады.

7. Сауалнама 10 сұрақтан тұрады: кестеде 8 тест сұрағы, 2 ашық сұрақ.

8. Сандық талдау – тиімділіктің қорытынды % (процент) кестедегі 8 тест сұрақтары бойынша арифметикалық орташа шама ретінде есептеледі.

9. Контент-талдау соңғы екі сұрақ бойынша жүргізіледі – респонденттердің жауаптарын атап өту жиілігі бойынша деректерді талдау.

10. Алынған мәліметтер толтырудың дұрыстығына тексеріледі. 50%-тен кем толтырылған сауалнамалар есепке алынбайды.

11. Пікіртерімді Академиялық бағдарламалар мен жобалар орталығының жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының үйлестірушісі жүргізеді, пікіртерім жөніндегі ақпарат құрылымдық бөлімшенің жылдық есебіне енгізіледі.

Білім алушылардың ғылыми жұмыстарға жетекшілікке қанағаттанушылығына зерттеу жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға №1 қосымша

Білім алушылардың ғылыми жұмыстарға жетекшілікке қанағаттанушылығын зерттеу САУАЛНАМАСЫ

Құрметті білім алушы!

Білім алушылармен кері байланысты қамтамасыз ету мақсатында Сізден ұсынылған сауалнаманың сұрақтарына жауап беруді сұраймыз. Сауалнама нәтижелері білім алушылардың ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастыру жөніндегі жұмыста қаралады және ескеріледі.

Тест сұрағында Сіздің пікіріңізге сәйкес келетін жауапты (санды) таңдаңыз.

Ғылыми жобаны жазуға жетекшілік ететін ҒБО

№	Сұрақ	Жоқ	Жауап беруге қиналамын	Иә
1	Сіз өзіңіздің ғылыми жетекшіңіздің жетекшілігіне қанағаттанасыз ба?	-1	0	1
2	Ғылыми зерттеулермен жұмыс істеу үшін қажетті нормативтік және әдістемелік құжаттар қол жетімді болды ма?	-1	0	1
3	Ғылыми жетекші ғылыми мақала жазу кезінде көмек көрсетті ме (қажетті әдебиеттерді ұсыну, анықтамалық, сот материалдары және басқа ресурстар)?	-1	0	1
4	Ғылыми жетекші зерттеу жұмыстарын жүргізу бойынша қызметті үйлестірді ме (магистрлік жобаны орындау барысында кеңес беру және тапсырма беру)?	-1	0	1
5	Белгіленген талаптарға сәйкестік үшін нормативтік бақылау жүргізілді ме?	-1	0	1
6	Сізде ғылыми жетекшіні ауыстыру туралы ой болды ма?	-1	0	1
7	Сізде ғылыми зерттеу тақырыбын ауыстыру ниетіңіз болды ма?	-1	0	1
8	Сізге жетекшілік ететін ҒБО тарапынан қажетті көмек көрсетілді ме?	-1	0	1

9. Сіздің ойыңызша, ғылыми жетекшінің жұмысының тиімділігін қалай арттыруға болады? (жазыңыз)

10. Сіз өзіңіздің ғылыми жетекшіңіздің қандай қасиеттерін атай аласыз?

(ғылыми жетекшінің Т. А. Ә. көрсетуі)

- ☐ ғылыми эрудиция
- ☐ қызықтыру қабілеті
- ☐ білім алушылармен қарым-қатынас жасай білу
- ☐ басқа жауап:

Толтырылған күні «___» _____ 20__ ж.